

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ВЕНГРИЯҒА ЖӘНЕ СЛОВЕНИЯҒА САПАРМЕН БАРАДЫ

19-22 май күндері Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияевтың Венгрия және Словения Республикаларына ресми сапарлары өтеді.

Өзбекстан жетекшісі Венгрия Премьер-министрі Виктор Орбанның шақыруына орай 19 май күні Будапешт қаласына барады.

Жоғары деңгейдегі келіссөздер, Венгрияның ресми өкілдерімен және жетекші компанияларының басшыларымен кездесулер өтеді.

Күн тәртібінде екі ел арасындағы іс жүзіндік ынтымақтастық пен стратегиялық серіктестік қатынастарын одан әрі кеңейту мәселелері қамтылған.

Мемлекетіміз басшысы 21 май күні Венгрия астанасында Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммитіне қатысады.

АЙМАҚТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

Жуырда Сенаттың Халықаралық қатынастар, сыртқы экономикалық байланыстар, шетелдік инвестициялар және туризм мәселелері комитетінің жиналысында маңызды заңдар алдын ала талқыланды.

Талқылауға сенаторлар, халық депутаттары жергілікті Кеңестерінің тұрақты комиссия мүшелері, мамандар мен сарапшылар, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Алдымен “Өзбекстан Республикасы мен Біріккен Араб Әмірліктері арасындағы азаматтық және экономикалық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы Келісімді (Ташкент, 2024 жылғы 27 сентябрь) ратификация-

лау туралы” Заң жан-жақты талқыланды.

Атап өтілгендей, Заңмен ратификацияланатын бұл Келісім екі ел арасында азаматтық және экономикалық істер бойынша құқықтық көмек көрсету саласында ынтымақтастық орнату, сондай-ақ екі ел азаматтарына бір-бірінің аумағында тең құқықтық қорғанысты қамтамасыз ету және азаматтық әрі экономикалық мәселелер бойынша сот және құқық қорғау орган-

Президент Шавкат Мирзияев 22 май күні Любляна қаласында Словения Президенті Наташа Пириц Мусармен кездесіп, осы елдің парламенті және үкіметі басшылығымен келіссөздер жүргізеді, сондай-ақ бірлескен іскерлік шараларға қатысады.

Өзара тиімді сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту, фармацевтика, өнеркәсіп, азық-түлік және тоқымашылық өнеркәсібі салаларында кооперациялық жобаларды жүзеге асыру, еңбек миграциясы бағытында ынтымақтастық орнату және гуманитарлық байланыстарды кеңейту мәселелері қаралады.

ӨЗА

Келісімде ұйымға мүше мемлекеттердің төтенше жағдайлар жөніндегі органдары арасында тиімді ынтымақтастық орнату, табиғи апаттар кезінде жедел іздертіру-құтқару жұмыстарын үйлестіру, осы саладағы мониторинг пен талдаулар нәтижесін және өзара тәжірибе алмасуды жүйелеу, сондай-ақ өзара көмек пен ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтеру мәселелерінің құқықтық негіздері мен механизмдері белгіленген.

Сенаторлар Заңның қабылдануы екі ел арасында азаматтық және экономикалық салаларда құқықтық көмек көрсету бойынша ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтеруге қызмет ететінін атап өтті.

Сондай-ақ, жиналыс барысында “Түркі мемлекеттері ұйымының Азаматтық қорғаныс механизмін құру туралы Келісімді (Бішкек, 2024 жылғы 6 ноябрь) ратификациялау туралы” Заң қаралды.

ҚАРЖЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенатының Бюджет және экономикалық мәселелер комитетінің кезекті жиналысында Өзбекстан Республикасы Орталық банкінің 2024 жылғы қызметі жайлы есебі алдын ала қаралды.

Атап өтілгендей, Орталық банктің 2024 жылғы қызметінде негізгі назар экономиканың инфляцияға сұраныс тарапынан болған қысымын жұмсартуға, орта мерзімді болашақта инфляцияның белгіленген нысаналы көрсеткішіне жетуін қамтамасыз етуге, банк жүйесінің қаржылық тұрақтылық көрсеткіштерін оңтайландыруға, ықтимал қауіптердің теріс әсерін жұмсартуға және банктердің төзімділігін арттыруға, сондай-ақ банк қызметтері мен есеп айырысу операцияларындағы киберқауіпсіздік мен алаяқтықтардың алдын алуға бағытталған.

Есеп беру кезеңінде жалпы инфляция сәл төмендеу үрдісіне көшіп, жыл қорытындысы бойынша жылдық 9,8 пайызды құрады, ал энергия ресурстары бағасы өсуінің біріншілікті әсерсінс инфляция деңгейі 6,3 пайыз шегінде қалыптасты.

Өткен жылы ақша базарында орташа жылдық пайыздық ставка 14,5 пайызды құраса, жалпы өтімділіктің артуы есебінен декабрь айындағы жағдай бойынша 13,9 пайызға дейін төмендеді.

Сондай-ақ 2024 жылы Орталық банк тарапынан ақша-несие шараларының трансмиссиялық арнасын жақсарту, банк жүйесінің өтімділігін тиімді басқару және ақша базарында пайыздық мөлшерлемелердің дұрыс қалыптасуын қамтамасыз ету мақсатында ақша-несие саясатының операциялық механизмі жетілдірілді.

Атап айтқанда, Орталық банк “овернайт” операцияларын жүзеге асыру терезесінің банк төлем күні аяқталғаннан кейін 1 сағат бойы ашық болуын қамтамасыз ету;

— құн барысында несие беру құра-

лын енгізу арқылы кепіл мүлкі есебінен пайызсыз несиелер беру;

— ақша-несие операцияларын жүзеге асыру барысында несие тәуекелін азайту мақсатында өтімділікті ұсынуға бағытталған операциялар бойынша кепіл мүлкіне 5 пайыздық жеңілдік қолдану тәжірибесі енгізілді.

Жиналыста бұл есеп сенаторлар тарапынан қызу талқыланып, Орталық банктің 2024 жылғы қызметінде базалық инфляция деңгейін төмендету шараларын қарастыру, баға тұрақтылығын қамтамасыз ету, төлем жүйелерінің тұрақты жұмыс істеуі мен қызмет аясын кеңейту, сондай-ақ ақша қаражаттарының алаяқтық жолмен алынуына жол бермеу үшін киберқауіпсіздік шараларын күшейту бойынша ұсыныстар айтылды.

Қаралған мәселе бойынша Комитеттің тиісті қаулысы қабылданды.

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенатының Ақпарат қызметі.

әсіресе әйелдер мен жастарды кеңінен тарту арқылы әлеуметтік ынтымақты нығайтуға бағытталуы қажет.

Үшіншіден, тек мемлекеттік органдар ғана емес, парламенттердің сонымен қатар ұлттық және жергілікті деңгейдегі халықтың әлеуметтік даму саласындағы қажеттіліктерін түрлі жолдармен қамтамасыз ететін басқару органдары мен бұқаралық ақпарат құралдарының да беделін күшейту. Осы орайда халықаралық қаржы ұйымдары, Халықаралық еңбек ұйымы және жалпы БҰҰ жүйесі секілді көпжақты институттардың ғаламдық деңгейде қажеттілігі атап өтілген.

Сонымен қатар құжат барлық парламенттер мен парламент мүшелерінің Ташкент декларациясын жүзеге асыру жауапкершілігін өз мойнына алуға және өзгерістер үдерісін жаһандық қатысуға ашық ұлттық жоспарлар әзірлеуден бастауға шақырады.

“Дүне” АА, Нью-Йорк қаласы.

Бақыт - достықта, ырыс - ынтымақта!

ӨЗБЕК ӨНЕРІ ҚАЗАҚСТАНДА

Қазақстан Ұлттық мұражайында Өзбекстанның мәдени мұрасына арналған бірегей көрме — “Тігістердегі мұра: Өзбекстанның кестелеу және тігін дәстүрлері бойынша саяхат” өз жұмысын жалғастыруда. Бұл көрме ұлттық қолөнершілік тарихына ғана емес, Орталық Азия әйелдерінің қоғамдық өміріне, талғамы мен эстетикалық көзқарастарына қатысты құнды мәліметтерді қамтиды.

Көрмеге қойылған экспонаттар арасында XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы әйелдердің алтын шапандары ерекшеленеді. Бұл кезең Өзбекстанда халық өнерінің гүлденген кезеңі болды. Дәл осы жылдары тігін және кесте өнері биік шыңдарға көтеріліп, өзіндік мектептер қалыптасты. Алайда, XX ғасырдың басында орын алған саяси өзгерістер мен әлеуметтік дағдарыстар көптеген дәстүрлі қолөнер түрлерінің жойылуына себеп болды. Сондықтан бүгінде бұл өнер үлгілері бір мезгілде тарихи құжат, мәдени және эстетикалық ескерткіш болып қалды.

Көрмеге дайындық барысында көптеген көне киімдер қалпына келтірілді. Бұл үдеріс мамандардың мұқият жүргізген ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижесінде жүзеге асырылды. Алтын шапандар, әйелдер киім-

дері мен паранжалар бастапқы көрінісіне жақын қалпына келтірілді. Әрбір тігін сызығы, әрбір ою-өрнек пен алтынмен жасалған элементтер өзіндік мағынаға ие болып, халықтың дүниетанымын, діни және мәдени наным-сенімдерін көрсетеді.

Көрме ерекшеліктерінің бірі — онда қалалық қолөнершілік пен халықтық кесте өнерінің үйлесімді көрініс табуы. Бұл тәсіл көрермендерге түрлі әлеуметтік топтарда жасалған киімдердің айырмашылықтары мен ұқсастықтарын, сондай-ақ осы өнерлер арасындағы өзара үйлесім мен алмасу үдерісін түсінуге мүмкіндік береді. Әсіресе, икат стилінде тоқылған маталар — өзінің түрлі-түстілігімен, күрделі геометриялық және гүлді өрнектерімен көрме қонақтарын өзіне тартады. Бұл стиль халық арасында “абрбанд” деп аталады, оны жасау техникасы

өзбек тоқымашылық өнерінің ең күрделі де әдемі бағыттарының бірі саналады.

Көрмеде ерекше орын алған әйелдер киімдері өзбек қоғамында әйелдің алатын орны, оның рухани және әлеуметтік мәртебесі туралы баяндайды. Алтынмен тігілген яқтақтар мен шапандар, гүлді маталардан тігілген көйлектер мен паранжалар эстетикалық әшекей ғана емес, сонымен қатар белгілі бір әлеуметтік кодтарды тасымалдаушы болып табылады.

Бұл маңызды көрме Өзбекстан мен Қазақстан арасындағы мәдени байланыстарды нығайтуға қызмет етуде. Осындай іс-шаралар арқылы көршілес халықтар өзара мәдени мұраны тереңірек түсініп, тарихи тамырымен, құндылықтарымен танысады. Сондай-ақ бұл көрме жас ұрпақты ұлттық өнерге, қолөнерге қызықтыру, ежелгі қолөнерді қайта жандандыру іс-әрекеттеріне де түрткі болады.

“Тігістердегі мұра: Өзбекстанның кестелеу және тігін дәстүрлері бойынша саяхат” көрмесі Қазақстан Ұлттық мұражайында 2025 жылдың 1 июніне дейін жалғасады. Мәдениет-сүйер қауым, өнертанушылар, дизайнерлер және тарихқа қызығушылар осы бірегей экспозициядан ләззат алу мүмкіндігіне ие болады.

Әлия ӨБДІРАХМАНОВА, “Нұрлы жолдың” тілшісі.



ҚАМҚОРЛЫҚ ПЕН МЕЙІРІМ МЕКЕНІ

Елімізде ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды жан-жақты қолдап-қуаттау, оларды мейірім мен жылулыққа толы отбасылық ортада тәрбиелеу бағытында бірқатар игі істер жүзеге асырылуда. Осы мақсатта құрылған отбасылық үлгідегі балалар үйлері ұрпақ тәрбиесінде ерекше маңызға ие жүйе саналады.



Сұрхандария облысы, Ангор ауданының “Жаңа тұрмыс” махалласындағы №1 отбасылық балалар үйі сондай ізгілікті мекемелердің бірі. Бұл жерде қазірде 10 бала тәрбиеленіп жатыр. Олар мұнда ата-ана мейірімін сезініп, барлық жағдайы жасалған ортада ер жетіп келеді. Балалар өз қызығушылықтарына қарай түрлі пән және спорт үйірмелеріне белсене қатысып жүр. Бұл олардың жан-жақты дамуына, өз бойындағы қабілеттерін еркін көрсетуге жол ашып отыр.

Суреттерде: Сұрхандария облысы, Ангор ауданының “Жаңа тұрмыс” махалласындағы №1 отбасылық балалар үйінде.

Суреттерді түсірген Ж.ҚУЗИМУРДОВ (ӨЗА)

Қорытындылау

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ – МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінде Өсімдіктер карантині және қорғау агенттігі басшылығының қатысуымен баспасөз конферециясы өтті. Онда 2024 жылдағы атқарылған жұмыстар мен биылғы басты міндеттер туралы кеңінен ақпарат берілді.



Өсімдіктер карантині және қорғау агенттігі 2024 жылы жеміс-жидек және азық-түлік өнімдерін шетелге экспорттауды ұлғайту, географиясын кеңейту мақсатында жана жүйе енгізді. Агенттік құрамында Орталық экспорт штабы, сондай-ақ Қарақалпақстан Республикасында, барлық облыстар мен Ташкент қаласында аймақтық штабтар құрылды.

Экспорт бағыты бойынша шет тілдерін меңгерген 67 жас маман арнайы оқытылып, олардың 21-і Орталық штабқа жұмысқа қабылданды, 46-сы экспорттаушы кәсіпорындарға бекітілді.

Сондай-ақ шетелдегі 51 өкілдігіміз бен халықаралық ұйымдардан алынған базар конъюнк-

турасы, әлеуетті импорттаушы кәсіпорындар мен экспорттық деректер “Agroko’makchi” мобильдік қосымшасы арқылы жергілікті экспорттаушыларға жеткізіліп отыратын жүйе жолға қойылды.

2024 жылы жалпы 8 мемлекетке ауыл шаруашылығы өнімдерінің 39 түрін экспорттауға фитосанитарлық рұқсат алынып, қазіргі таңда агенттік тарапынан ресімделетін 612 фитосанитарлық сертификат арқылы 56 елге өнім жеткізуге мүмкіндік бар.

Экспорттаушы кәсіпорындарға өнімді сұрыптау, калибрлеу, бұйып-түю және қайта өңделген түрде жоғары бағада экспорттауға қолайлы жағдай жасалды. Халықаралық тәжірибеге сай,

жеміс-жидек өнімдерінің ұзақ сақталуын қамтамасыз ету мақсатында оларды 1 сағат ішінде тоңазытқыштарға жеткізіп, +8 — С температурада сақтау тәжірибесі енгізілді.

209 орау кәсіпорны халықаралық талаптарға сәйкестендіріліп, агенттіктің реестріне енгізілді. Экспорт кезінде ағаш жәшіктердің 30 пайызы пластик және гофра-картон қораптарға ауыстырылып, экспорт географиясы Еуропа мен араб мемлекеттеріне кеңейтілді.

Өзбекстандық экспорттаушылардың мүмкіндіктерін арттыру және сыртқы базармен байланыс орнату мақсатында 150-ден астам кәсіпорын өкілдері мынадай халықаралық көрмелерге де қатысты.

Сонымен қатар Ауғанстанның Қабул қаласында “Made in Uzbekistan” ұлттық өнімдер көрмесі ұйымдастырылып, оған 22 экспорттаушы кәсіпорын өздерінің жана брендiмен жана піскен, кептірілген және өңделген жеміс-жидек өнімдерімен қатысты.

Карантин агенттігі жүйесінде халықаралық талаптарға сай бұршақ дақылдарын экспорттау мақсатында “Sprout” сертификаттау жүйесі енгізіліп, нәтижесінде маш өнімі Ұлыбритания, Жапония және Нидерландыға базардағы бағасынан 2,5 есе жоғары (1500-2200 доллар/тонна) бағада сатуға мүмкіндік жасалды.

“Agroko’makchi” мобильді қосымшасы арқылы ақпараттар тұрақты түрде жаңартылып, жер пайдаланушылар мен кәсіпкерлерге уақтылы жеткізіліп отыруы қамтамасыз етілді.

Халықаралық сарапшылар тартылып, аймақтарда жеміс-көкөніс өсірушілермен, 1000-нан астам экспорттаушы, 9 логисти-

калық, 35-тен астам орау және қайта өңдеу кәсіпорны, сондай-ақ 155-тен астам жер иесімен кездесулер ұйымдастырылып, экспорт талаптары түсіндірілді.

198,1 мың гектар алқапта өнім өндіретін жеміс-көкөніс кластерлері мен оларға бекітілген фермерлік шаруашылықтардың халықаралық талаптарға сәйкестендірілуі аясында Ұлыбритания, Ресей, Түркия және Францияның халықаралық ғылыми-зерттеу ұйымдарымен бірлесіп, зиянкестермен кешенді күрестің үйлестірілген жүйесі (IPM) кеңінен енгізілді. Шетелдік сарапшылар көмегімен 1 490 сала маманы, 3 670 фермер және дикан IPM бағдарламасы бойынша біліктілігін арттырды.

Өсімдіктер карантині және қорғау жөніндегі Еуропа және Жерорта теңізі ұйымының (EPPO) фитосанитарлық талаптар бойынша 74-жиналысына (Әзербайжан) қатысып, Өзбекстанның фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы әлеуеті таныстырылды.

Атап айтқанда, “Карантин қызметі — дикандарға көмекші” қағидаты негізінде өсімдіктер клиникалары мен биозертхана иелерінің қатысуында агрокластер, фермерлік және диқан шаруашылықтары, жылыжайлар мен есік алдындағы жерлердің мәселесін жедел шешу механизмі жолға қойылды.

Республикалық агрохимиялық талдау орталығы мамандары 15 923 агрокластер мен фермерлік шаруашылықтардың 844,3 мың гектар жері үшін агрохимиялық топырақ карталарын дайындап, олардың нәтижелері “uzagrolab.uz” электронды платформасына енгізілді.

Ерсейіт БАТЫРБЕКОВ, “Нұрлы жолдың” тілшісі.



Заңсыз көші-қон

ҚОҒАМНЫҢ ҚАУІПТІ ДЕРТІ

Қазіргі таңда жаһандану үдерісі мен экономикалық миграция қарқынының артуына байланысты заңсыз көші-қон және адам саудасы мәселесі әлем елдері үшін аса күрделі әрі қауіпті проблемаға айналып отыр. Бұл тек экономикалық емес, сонымен қатар әлеуметтік, құқықтық, ақылақтық және адами құндылықтарға қарсы бағытталған құбылыс.

Өзбекстан Республикасы азаматтары шетелде еңбек етуге рұқсатты түрде заңды негізде бара алады. Бұл — мемлекетіміздің өзге елдермен бекіткен екіжақты келісімшарттары мен Халықаралық еңбек ғылымының конвенцияларына сәйкес жүзеге асады. Дегенмен, соңғы жылдары азаматтардың шетелге заңсыз жолмен шығу әрекеттері жиілеп кетті. Бұл жағдай көптеген тәуекелдерге, соның ішінде адам саудасына алып келуде.

Заңсыз көші-қон — елдің шекара заңнамаларын бұзу, құжаттарды қолдан жасау, визасыз немесе жалған визамен өту, еңбек етуге рұқсатсыз жұмысқа орналасу секілді заңсыз әрекеттердің жиынтығы. Мұндай көші-қонның соны көбінесе адам саудасына, ауыр еңбекке мәжбүрлеуге, жыныстық зорлауға, денсаулыққа зиян келтіруге, тіпті адам өміріне қауіп төндіруге дейін барады. Адам саудасының құрбаны болған жандардың өмір сүру, бостандық және қауіпсіздік секілді негізгі құқықтары өрескел бұзылады. Олар шетелде құлдыққа түсіп, еңбегінің өтеуін көрмей, қорлық пен зорлықтың құрбанына айналады. Бұл — кешірілмейтін қылмыс.

Ислам діні адам саудасын, құлдықты, алдап-арбау арқылы еркін адамды сатуды қатан айыптайды. Пайғамбарымыздың хадистерінде азат адамның сатылуы — үлкен күнә, тіпті Алланың қаһарына ұшырататын әрекет ретінде сипатталған. Дінімізде адамның қадірі, құқығы және ар-ожданы аса жоғары бағаланады. Сондықтан адам саудасының алдын алу — тек құқықтық немесе

мемлекеттік мәселе ғана емес, сонымен қатар діни-адамгершілік тұрғыдан да маңызды міндет.

Өзбекстан Республикасы бұл мәселенің алдын алу мақсатында бірқатар нақты қадамдар жасап отыр. Атап айтқанда, “Адам саудасына қарсы күрес туралы” Заң қабылданып, бұл қылмыстың жолын кесу, құрбандарға көмек көрсету, оларды оналту және қоғамға қайта бейімдеу механизмдері бекітілді. Сонымен қатар, азаматтарды заңды түрде шетелде жұмысқа орналастыру бойынша агенттіктер мен орталықтар қызмет етуде. Азаматтарға заңды көші-қон тәртібін сақтау — тек жеке басының қауіпсіздігі ғана емес, елдің халықаралық беделін арттыру жолындағы жауапкершілік екенін ұғындыру қажет. Шетелге шығу барысында ел заңнамасын, шекара тәртібін, шетелдік жұмыс берушілермен келісім шарттарды мұқият қарастыру қажет.

Заңсыз көші-қон — бұл жай ғана заңбұзушылық емес, ол — адам өміріне қауіп төндіретін, құқығын таптайтын, болашағын бұлыңғыр ететін қауіпті жол. Адам саудасы — адамзатқа қарсы бағытталған зұлым әрекет. Бұл дертпен күресу — мемлекет пен қоғамның, әрбір азаматтың ортақ парызы. Заңға бағыну — ізгілікке бастар жол. Тек заңды жолмен еңбек етіп, құқықтық қорғауға ие болған жағдайда ғана біз өз болашағымызды, отбасымызды және еліміздің абыройын сақтай аламыз.

Айдана МЕДЕНОВА, “Нұрлы жолдың” меншікті тілшісі.



Қамқорлық

ҚАДІР МЕН ҚҰРМЕТ ТАНЫТЫП

“Адам — естелігімен тірі, құрметпен ұлық” демекші, өткенге тағзым ету — бүгінгі бейбіт өміріміздің бағасын терең сезіну, келешекке жауапкершілікпен қараудың жарқын көрінісі. Аққорған ауданында 9 май — “Жеңіс күні” мен “Еске алу және қастерлеу күні” аясында тағылымды, жүрек тебірентерлік шара өтті.

Аудан әкімі Т.Боболов, аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы И.Турғұнов, қорғаныс істері бөлімінің жетекшісі Ш.Икрамов, аудандық халық депутаттары кеңесі аппаратының басшысы А. Қурбонов, сондай-ақ “Нуроний” қорының төрағасы С.Ахмедов бастаған арнайы топ Екінші дүниежүзілік соғыста тылда еңбек еткен ардагерлердің шаңырағына арнайы барып, құрмет көрсетті.

Атап айтқанда, “Уста Нормат” махаласында тұратын 95 жастағы Юлдош ата Эргашев пен Толовул ауылындағы 98 жастағы Лола апа Хайдароваға, яғни тыл ардагерлерінің үйлеріне барып, шынайы ризашылықпен, алғыс сезімімен еміңжарқын әңгіме өрбітті. Бұл жүздесулер — жай ғана бір рәсім емес, тағылым мен тағзымның, рухани сабақтастықтың айқын көрінісі болды.

Сурапыл соғыс жылдары еске алынып, елдегі бейбіт өмірдің, тұрақтылық пен тыныштықтың қадірі терең сезілді. Ардагерлер өздеріне мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қамқорлық пен қолдауға ерекше разылық білдіріп, көздеріне жас алып, алғысын жеткізді.

Шара барысында мемлекет басшысының құттықтау хаты салтанатты түрде оқылып, арнайы қаржылай сыйақылар мен естелік тартулар табысталды. Бұл — бір күндік емес, мәңгілікке созылар алғыс пен құрметтің белгісі.

Жылдар алмасқанымен, ел үшін тер төккен, ғұмырын бейбіт болашаққа арна-

ған абзал жандардың еңбегі ешқашан ұмытылмайды. Ардагерлерге көрсетілген бұл ілтипат — тарихқа тағзым, ұрпаққа өнеге, ұлтқа ұлағат.

Біз бүгінде бейбіт аспан астында өмір сүріп, ел игілігі жолында еңбек етіп жүрсек, бұл — ұлы жеңіске, жауынгерлер мен тыл еңбеккерлерінің ерен ерлігіне тікелей байланысты. Олардың жанкиярлығымен келген осы тыныштықты сақтау — баршамыздың қасиетті борышымыз.

Ардагерлерге көрсетілген ілтипат пен қамқорлық — бұл бір күндік рәсім емес, ол ұрпақтар арасындағы тарихи сабақтастықтың, құрмет пен ізеттің мәңгілік жалғасы. Игі дәстүр — халқымыздың рухани биіктігін, елдің ертеніне деген сенімін, өткенге деген тағзымын айқындайтын асыл құндылық.

Бүгінгі ұрпақ — кешегі ерлердің аманы. Сол аманатқа адал болу — елін сүйген әр азаматтың ар алдындағы парызы. Олардың өнегелі өмірі, сабыры мен қайраты біз үшін сарқылмас тағылым мектебі, рухани қазына, ұлт жадындағы өшпес естелік.

Осынау қасиетті күндерде ардагерлерге тағзым ете отырып, біз тек өткенді еске алмаймыз — болашаққа жол саламыз. Өйткені тарихты ұмытқан халықтың тамыры солады, ал тағзым еткен елдің болашағы баянды, іргесі мығым болмақ.

Үсенбай БАТЫРБЕКОВ, “Нұрлы жолдың” тілшісі.

Ұлттық тәрбие

ҰРПАҚ БОЛАШАҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

Адамзат баласының ежелден келе жатқан ортақ мүддесінің бірі — ұрпақ тәрбиесі. Ал келешек ұрпақ, өсіп келе жатқан жас буын — мемлекеттің болашағы. Оған ешкімнің таласы жоқ.

Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды сақтау — басты міндеттердің бірі. Шетел мәдениетінің әсері күшейген заманда өзіміздің тілімізді, дәстүрімізді, ұлттық болмысымызды ұмытпау — ұрпақ тәрбиесіндегі маңызды мәселе. Жастардың бойында рухани тұрақтылық пен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру — ұлттық тәрбиенің басты мақсаты. Олай болса, енді бес-он жылдан кейін шешуші мемлекеттік құрылымдардың тізгінін ұстайтын азаматтардың төл тарихы мен мәдениетін тұмардай қастерлеп, әдебиетін әсепеттеуі бүгінгі тәрбиенің, бүгін қалыптасқан ұлттық сананың деңгейімен тығыз байланысты болмақ.

Ал ақпарат тасқыны судай сапырылған мына жаһандану заманында қазақ жастарының ұлттық санасы

қалай қалыптасып жатыр, қандай бағытқа бет алуда? Бұл бүгінгі күні санамызды өзге ұлттың, соның ішінде батыстың даңғаз музыкасы мен дарақы еңбектері аямай улап жатқан тұста ел басқарып отырған азаматтар мен зиялы қауымнан бастап, қарапайым әрбір азаматты ойландыруға тиіс. Сынып сағаттары мен тәрбие іс-шаралары шеңберінде ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарын негізге алып, әдептілік, әділеттілік, мейірімділік, адалдық, отаншылдық, қамқорлық, азаматтық жауапкершілік, еңбекқорлық, ұлттық мұра мен қазақ тілін қастерлеу, қоғам игілігіне қызмет ету, денсаулық пен салауатты өмір салтын ұстану секілді қасиеттерді қалыптастыруға ықпал ететін дөңгелек үстелдер, пікірталастар, талқылау, рөлдік ойындар, кейстерді шешу

және т.б. формада өткізу ұсынылады.

Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Ол ел болашағының дінгегі десек те болады. Сондықтан әр отбасы, әр мұғалім, әр азамат ұлт болашағы үшін жауапкершілікпен қарап, ұлттық тәрбиені өмір салтына айналдыруы керек. Сонда ғана біз тәрбиелі, білімді, мәдениетті, өз елінің патриоты болатын ұрпақ өсіре аламыз. Ұлттық тәрбие — ұлттың мәңгілігінің кепілі.

Бүгінгі таңда ұлттық тәрбиені жанғыртып, оны заманауи білім беру жүйесіне тиімді енгізу — барша-мыздың ортақ міндетіміз. Ұрпағына ұлттық тәрбие берген ел болашағына сенімді ғана болады. Ендеше, әрбір ата-ана, мұғалім және қоғам мүшесі осы бағытта бірлесіп еңбек етіп, ел болашағына өз үлесін қосуы тиіс.

Қарлығаш ЖОЛДЫБАЕВА, Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеттің 1-курс студенті.

КӘСІПКЕР БАЙ БОЛСА – МЕМЛЕКЕТ ТЕ БАЙ

Бүгінде Президент басшылығымен елімізде жүргізіліп жатқан реформалар, мемлекетімізде халқымыз үшін жаратылған мүмкіндіктер, жаңа жұмыс орындары, ең бастысы, жергілікті тұрғындардың тұрмысын жақсартуға бағытталған ерекше назар “Кедейліктен әл-ауқаттылыққа қарай” бағдарламасының жүзеге асырылуымен құнды.

Кәсіпкерлердің қызметін жолға қоюда мемлекет тарапынан көрсетілген көмек, атап айтқанда, субсидиялар мен жеңілдетілген несиелер үлкен көмек болды. Бүгінде олар өздері құрған жұмыс орындары арқылы басқа азаматтарға да жаңа үміт, жаңа мүмкіндіктер сыйлауда.

— Ауданымызда кембағалдықты азайту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп, бүгінде 2 мың 933 отбасы (12 432 тұрғын) кембағалдық реестріне енгізілген, ағымдағы жылдың екінші тоқсанында 697 отбасын кембағалдыктан шығару жоспарланып, іс жүзінде 852 отбасы (3796 тұрғын) кембағалдыктан шығарылды.

— Сондай-ақ осы бағдарлама аясында 8 914 отбасы әлеуметтік қорғаудың бірыңғай реестріне енгізілген. 49 махалла жетілігі тарапынан 9 298 отбасы хаттаудан өткізіліп, 4-5 санаттағы 909 отбасыдан 520 отбасы іріктеліп алынып, олармен жеке жұмыс жүргізу мақсатында Рес-

керлік, инновациялық технологиялар мен инфрақұрылымдарды жедел қарқынмен дамыту туралы” Жарлығы негізінде 200 мың АҚШ доллары мөлшеріндегі жеңілдетілген банк несиесі есебінен Қытай Халық Республикасынан заманалық қондырғылар, құрал-жабдықтар әкелінуі нәтижесінде кәсіпкердің қызметі одан әрі дамуда.

Бүгінде “Kamron Gold Media” ЖШҚ-да сүт өнімдерінің 10-нан астам түрі өндірілуде. Күніне 600 литрден астам сүт қайта өңделеді. Өндірілген сүт өнімдері аудандағы мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына келісімшарт негізінде жеткізіледі.

Кәсіпорынның 4 жеткізу автокөлігі бар, өндірілген өнімдер сол күннің өзінде тұтынушыларға жеткізіледі. “Манғыт дикан базарында” да кәсіпорынға қарасты жәрменкелер ұйымдастырылып, өнімдер халыққа қолжетімді бағада сатылуда.

“Ал-кафил бизнес пласт” ЖШҚ тек ауданның ішкі базарын ғана емес, көрші аудандар мен көрші облыстарды да өз өнімдерімен қамтамасыз етіп келеді. Бүгінде кәсіпорында 15-ке жуық азамат жұмыспен қамтылған. Кәсіпорын басшысы, кәсіпкер Аллаберген Ерназаров өз қызметін 2019 жылы бастап, Халық банкі тарапынан бөлінген 37 мың АҚШ доллары көлеміндегі жеңілдетілген несие есебінен Қытай Халық Рес-

жеңілдетілген несие алдық. “Қимылдаған қыр асар” дегендей, табысымыз жақсы. Жақында қиярдан өнім алып, базарға шығарамыз. Сондай-ақ, көкөніс көшеттерін өсіріп, сатуға шығару бастаймыз. Осы жердің арқасында балаларымызды оқытып, үйлендіріп, той жасап, жақсы өмір сүріп жатырмыз. Адам жалқаулықтан құтылып, еңбек етсе көптеген жетістіктерге жетеді.

Жақында іске қосылған “Amu plaza” отбасылық кәсіпорындағы қонақүйде келушілерге барлық қолайлылық жасалған.

— Бұл қонақүйіміз 27 орынға арналған болып, 3 миллиард сум қаржы есебінен салынды. Бес адамды жұмыспен қамтыдық. Қонақүйіміз өтпелі жолдың бойында орналасқандықтан негізінен саяхатшыларға қызмет көрсетіп келеміз. Ол үшін мүмкіндіктеріміз жеткілікті, — дейді қонақүй іс жүргізушісі С.Абдураимов.

Әмудария ауданында болып жатқан онды өзгерістер аймақтағы кәсіпкерлік ортаның жанданып келе жатқанын көрсетеді.

Куә болғанымыздай, кәсіпкерлердің жұмысын жолға қоюда мемлекет тарапынан көрсетілген көмек, атап айтқанда, субсидиялар мен жеңілдетілген несиелер үлкен көмек болған. Бүгінде олар өздері құрған жұмыс орындары арқылы басқа да азаматтарға жаңа үміт, жаңа мүмкіндіктер сыйлауда. Бұл, әрине, жақсы нәтиже.

Тілеухан ШӘМЕКОВА,
“Нұрлы жолдың”
меншікті тілшісі.

Көзқарас

ӨЗБЕКСТАН ӘЛЕМГЕ АШЫЛУДА

Қазіргі кезде елімізге келіп жатқан шетелдік саяхатшылар легі күннен-күнге артуда. Өйткені бүгінде Өзбекстанда туризмді дамытуға ерекше басымдық беріліп жатыр. Атап айтқанда, өңірлердің туристік әлеуетін арттыруға және шетелдік инвестициялық жобаларды жеделдету мәселелеріне жіті мән берілуде.

Әрине, бұл орында әр істе бастамашыл болған мемлекетіміз басшысының рөлі өте зор. Атап айтар болсақ, үкімет тарапынан жүргізіліп жатқан бірқатар реформалар, мысалы, визалық режимді жеңілдету де туризмді дамытуға септігін тигізеді. Нәтижеде 93 ел, сондай-ақ Еуроодаққа мүше барлық елдер мен Ұлыбритания азаматтары Өзбекстанға визасыз, ал 50-ден астам елдің азаматтары электронды виза арқылы келе алады. Елімізге саяхатшылардың ағылып келуінің арқасында соңғы жылдары Өзбекстанның туризммен түсетін экспорты 1,6 есе артып, 3 миллиард 500 миллион АҚШ долларына жеткен. Бұл салада 2 мыңнан астам жаңа кәсіпкер өз қызметін бастаған. Өткен жылы алғаш рет елге келген шетелдік саяхатшылар саны 10 миллионнан асқан. Өңірлерде туризм мен сервис инфрақұрылымы қарқынды дамуда. Соңғы 8 жылда бұл салаға 6 миллиард 500 миллион доллар көлемінде инвестиция тартылып, 130 мыңға жуық қонақүй орындары пайдалануға берілген.

Иә, астанамыз Ташкенттің театрлары мен мұражайларына, сондай-ақ Бұхараның көне мешіттері мен мұнараларына барған саяхатшылар Өзбекстанның бірегей тарихы бар екеніне куә болады.

Самарқант Өзбекстанға сапар шегуді бастау үшін ең қолайлы жер. Бұл Орталық Азиядағы тұрақты тұрғындар жасайтын ең көне қалалардың бірі, оның тағмыры біздің әрамызға дейінгі VI ғасырдан басталады. Сондай-ақ Регистан жоме мешіті орналасқан қала Өзбекстанның қақпасы болып табылады. Бұхара қаласының 2500 жылдан астам тарихы бар екені, сәулет өнері 1000 жылдан астам уақытқа баратыны айтылады дереккөздерде. Сондай-ақ ең көне моншалардың бірі “Бозори Корд” моңшасы ұзақ серуендеуден кейін демалуға тамаша орын көрінеді.

Хиуа — бай мәдени және сәулеткерлік мұрасы бар тарихи қала. Қала ежелгі Хорезм өркениетінің көрнекті орталығы болды, кейін Хиуа хандығының астанасы болды. Терең тарихымен, күрделі сәулетімен және Жібек жолының маңызды орталығы ретіндегі рөлімен танымал қала ежелгі ескерткіштер мен өмір сүру дәстүрлерінің үйлесімімен келушілерді баурап алуды жалғастыруда. Хиуадағы қонақүйлер жайлы әлеуметтік желіде айтылған пікірлер туристік инфрақұрылымның жақсы дамығанын көрсетеді.

Хорезм — Әмударияның төменгі ағысында орналасқан тарихи өлке. Хорезмнің ең ежелгі археологиялық ескерткіштері туристердің назарын тартатыны сөзсіз. Ол жердің саяхатшыларды шақыруы болашақтың еншісінде.

Еліміздің қиыр-солтүстік шығысында орналасқан Өгем-Шатқал ұлттық саябағына да барған жөн, мұнда ерекше флора мен фаунаға бай, сондай-ақ сүтқоректілер, барыс және қызыл түлкілер жасайды. Шатқал тауының төңірегінде біздің заманымызға дейінгі 1000-2000 жылдардағы көне суреттерді де кездестіруге болады.

Ал Өзбекстанның тағамынан дәм татқан саяхатшылардың әңгімелерін естіп те жүрміз. Өзбектің пәтір наны мен жайдары нанын жеген адам оны қайта аңсамауы мүмкін емес. Көмірде пісірілген кәуәп, тандыр кәуәп, палау, сондай-ақ күннің қызуымен піскен табиғи жемістер мен көкөністер, кептірілген жемістер кез келген шетел адамын тамсандырмай қоймайды.

Қорыта айтқанда, Өзбекстанның осындай дәм-тұзын татқан, көрнекті жерлерін көрген шетелдіктердің елімізге келгендеріне разы болып қайтып жатқандары жергілікті халық ретінде біздің көңілімізге қуаныш ұялататыны сөзсіз.

Жұмагүл ӨЛІМБЕКОВА



Денсаулық — терен байлық

ИНФЕКЦИЯҒА ҚАРСЫ ВАКЦИНАЦИЯ

Жұқпалы аурулардың алдын алуда халықты осы аурулардан хабардан ету, ауруды анық және дер кезінде анықтау маңызды рөл атқарады. Сондықтан елімізде халықаралық ұйымдармен бірлесіп ауқымды жұмыстар жүргізілуде.

Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінде өткен баспасөз мәслихатында Санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік және жұртшылық денсаулығы комитетінің жауапты қызметкерлері, ДДСҰ-ның Өзбекстандағы өкілдігінің басшысы, ЮНИСЕФ-тің Өзбекстандағы өкілдігінің басшысы және ҚОҒІН жобаларының мониторингі және үйлестіру жөніндегі мамандары бірлескен жобалар туралы толық ақпарат берді.

Атап өткендей, гепатит елмде өлімге әкелетін екінші жұқпалы ауру болып табылады, жылына 1,3 миллион адамның өліміне себеп болады. Яғни жұқпалы аурулар арасында өлім-жітімнің негізгі себебі болып табылатын туберкулезбен бір деңгейде тұр. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының

ған. Қаулыда көрсетілгендей, “С” вирустық гепатиті бар 10 500 науқасты вирусқа қарсы емдеуді кенейту жоспарлануда. “В” вирусты гепатитін жұқтыру қаупі жоғары болған жалпы 119 013 медицина қызметкері осы инфекцияға қарсы толық вакцинациядан өтті.

Жұқпалы аурулардың алдын алуда екпенің маңызы зор дейді мамандар. Сондықтан жыл сайын Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Еуропа емдеу апталығы 3 майға дейін жалғасты. Еуропа емдеу апталығы — бұл әр жылы өткізілетін бастама болып, ДДСҰ Еуропа және Орталық Азия аймақтық бюросы және оның бірқатар мүше-мемлекеттері хабардарлықты арттыру, коммуникацияны жақсарту және вакцинацияны насихаттауға бағытталған. Бастаманың мақсаты — әрбір баланы емдеумен алдын алу мүмкін болған аурулардан қорғау құқығы және қажеттілігін еске салу арқылы емдеу қамтуын арттыру, бұл реттегі хабарды күшейту болып табылады.

Өзиза АЙҚОЖАЕВА,
“Нұрлы жолдың”
тілшісі.

Ел жаңалығы

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ БЕРЕРІ МОЛ

Жызақ университеті Түркияның жоғары білім беру саласымен ынтымақтастық орнатады.

Жызақ мемлекеттік педагогика университетіне Түркия ЕМІ институтының (Дилкур академиясы) төрағасы, профессор Химмат Карадал келді. Университет ректорымен кездесу барысында сапардың мақсаттары талқыланды.

Келіссөздер барысында болашақта университеттер арасында өзара ЕМІ конгресін өткізу, Түркияда PhD және магистр студенттері үшін тәжірибелік сабақтар ұйымдастыру, зерттеу әдістеріне қатысу және Түркияда академиктерге арналған оқу бағдарламаларын жариялау, онлайн және офлайн кәсіби сертификат бағдарламаларына өзара қатысу сияқты мәселелер бойынша келісімдерге қол жеткізілді.

Екі ел арасындағы басқа да салалардағы, сондай-ақ ынтымақтастық енді жоғары оқу орындарының арасында жалғасын тауып жатқаны, көптеген салалардағы даму үдерісін кепілдейді. Өскелен ұрпақ арасындағы өзара қарым-қатынас жолға қойылып, тәжірибе алмасу арқылы көптеген салалардағы жаңа қырлар ашылмақ.

ҚАРАУСЫЗ ЖЕР ТУРИСТІК ОРТАЛЫҚҚА АЙНАЛДЫ

2018 жылы негізі қаланған “Sahibqiron Gate” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бүгінде Ғаллаарал ауданындағы нағыз туристік орталыққа айналды.

Бұл жердің негізін қалаушы әрі директоры Нилуфар Абдураимова “Дустлик” махалла азаматтар аумағындағы бос жатқан жерді өзінің еңбекқорлығы, табандылығының арқасында тартымды туристік орынға айналдырды.

Сауда-өнеркәсіп палатасының Жызақ облыстық басқармасы “Жастар және әйелдер кәсіпкерлігін дамыту” бөлімінің жауапты қызметкері М.Ортиковамен болған сұхбатында Нилуфар Абдураимова өзінің кәсіпкерлік жолы, кездескен қиындықтары, жеткен жетістіктері туралы ойларымен бөлісті.

— Алғашында бұл жерде ешқандай жағдай болған жоқ. Бірақ мен өзіме сендім. Жергілікті тарихымыз бен ұлттық құндылықтарымызды негізге ала отырып, қонақтарға қызықты да қолайлы жағдай жасауға тырыстым. Бүгінде мұнда тек жергілікті саяхатшылар ғана емес, шетелден де қонақтар келеді. Менің арманым осы жер арқылы еліміздің сұлулығын әлемге таныту.

Нилуфар Абдураимова-ның жетістігі көптеген жастар мен әйелдер үшін шабыт көзі болып табылады.

Жызақ облысы
әкімдігінің Баспасөз
қызметі.

Ауыл шаруашылығында

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ ФАКТОРЫ

Министр И.Абдурахмонов Ташкент облысына жұмыс сапары барысында Бекабад ауданына қарасты “Мустақиллик” махалласындағы тұрғындардың отбасыларында құрылған жылыжайларды аралап, атқарылып жатқан агротехникалық шаралармен танысты.

Махаллада 320 отбасы болса, оның 300-нің ауласында жылыжай бар. Бұл әрбір отбасының дерлік қосымша табысы бар деген сөз. Жылыжайда қызанақ, болгар бұрышы, гүлді қырыққабат, баялды сияқты суранысы жоғары көкөністерден жылына үш ретке дейін өнім өндірілуде.

Мәліметтерге сүйенсек, аудандағы әрбір үйге орташа есеппен 8-12 сәтік жер болса, оның 6 сәтігі жылыжайға бөлінген. Нәтижесінде 1000-нан астам тұрғын тұрақты жұмыспен қамтылды. Бұл тәсіл жергілікті базарды көкөніс өнімдерімен қамтамасыз етіп қана қоймай, экспорт көлемін арттыруға мүмкіндік туғызды.

Сапар барысында министр ауыл шаруашылығы саласындағы реформалардың халықтың әл-ауқатын жақсартуға және елді мекендердің экономикалық дамуына қосқан үлесіне тоқталып, салаға инновациялық технологияларды енгізу мен жер ресурстарын тиімді пайдаланудың маңыздылығына тоқталды.

“Бір контур — бір өнім” ұранымен жүзеге асырылып жатқан жоба елді мекендердегі жұмыспен қамту деңгейін, тұрғындардың табысын арттырып, ауыл шаруашылығын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Әрбір шаруашылық егін өсіру арқылы өзінің экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ете алатынын осы жылжай шаруашылықтары арқылы көрсете алады.

Министр бұл жүйені одан әрі дамыту бойынша халық өкілдері мен жауапты тұлғаларға тиісті ұсыныстар беріп, өнім түрлерін кенейту, агротехникалық іс-шаралардың сапасын арттыру, осы тәжірибені өзге аумақтарға енгізу бойынша тапсырмалар берді.

Өзбекстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ақпарат қызметі.

